

Кинематография саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 30 желтоқсандағы N 25 Заңы

Алматыда 1995 жылғы 10 ақпанда жасалған Кинематография саласындағы ынтымақтастық туралы келісім бекітілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Кинематография саласындағы ынтымақтастық туралы келісім

**(Келісім 2000 жылғы 27 қаңтарда күшіне енді -
Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары
бюллетені, 2004 ж., N 6, 29-құжат)*

Одан әрі тараптар деп аталатын осы Келісімге қатысушы-мемлекеттердің үкіметтері

мәдениет саласындағы ынтымақтастық туралы екі жақты және көпжақты жасалған келісімдерді басшылыққа ала отырып, кинематографиялық шығармалардың ұлттар үндесуіне айрықша маңызды роль атқаруға жұмылдырғанын ескере келіп; әрбір халықтың өзінің әлеуметтік және мәдени ерекшелігін бейнелейтін кинематографиялық шығармаларға құқығы бар екенін түсіне отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Тараптар Достастыққа қатысушы-мемлекеттердің егемендігі, тең құқылық принциптері, осы Келісімге қатысушы-мемлекеттердің әрқайсысында қолданылатын ұлттық заңдылықтарын есепке алу негізінде кинематография саласындағы ынтымақтастыққа өздерінің ұмтылысын білдіреді.

Тараптар осы Келісімге қатысушы-мемлекеттердің кинематография саласындағы мемлекеттік саясаты мына қағидаларға негізделетінін білдіреді:

мемлекеттің ұлттық кинематографияны сақтаудағы, қолдаудағы және дамытудағы жауапкершілігі;

кинематографияны өндірістік, ғылыми, техникалық, ақпараттық базаны дамытудың қажеттілігі үшін көрініс табуының міндетті түрдегі шарты ретіндегі мәдениеттің өзіндік ерекше саласы деп қабылдау;

ұлттық киноөнер шығармаларын халықтың кең ортасында лайықты ете алатындай жағдайлар туғызу;

шығармашылық еркіндік, кәсіпкерлікке, өндіріске қатысушыларды әлеуметтік қорғауға, фильмдерді прокаттауға және көрсетуге көмектесу;

х а л ы қ а р а л ы қ ш а р т т а р д ы с а қ т а у .

Тараптар киноөнерді, соның ішінде фильмдерді жасайтын, прокаттан өткізетін және көпшілікке көрсетуді жүзеге асыратын кәсіпорындар мен ұйымдарға арналған салық және басқа да жеңілдіктерді заңдастырылған тәртіппен ұсыну арқылы қолдау, әрі дамыту үшін қажетті күш-жігерін жұмылдырады.

2-бап

Тараптар өз мемлекеттерінің аумақтарында авторлық және аралас құқықтарды қорғау мәселелерінде автор құқығы туралы 1886 жылғы Берн конвенциясы мен 1952 жылғы Автор құқығы туралы дүниежүзілік конвенциясында бекітілген қағидаларды, сондай-ақ Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы шеңберіндегі авторлық және аралас құқықтарды қорғау туралы келісімдерді басшылыққа алатын болады.

Тараптар бір-бірімен өзара іс-қимыл жасай отырып, өз мемлекеттерінің аумақтарында авторлық және аралас құқықтарды қорғаудың сенімді жүйесін жасауға күш-жігер жұмылдыратын болады.

3-бап

Тараптар өз мемлекеттерінің барлық аумағында түрлі жанрлардағы ұлттық фильмдерді кең түрде коммерциялық және коммерциялық емес алмасуға және оларды прокаттауға көмектесетін болады.

Осы Келісімге қатысушы-мемлекеттердің ұлттық заңдары Келісімге қатысқан мемлекеттерде жасалған ұлттық кинематографиялық туындылар мен кинематографиялық шығармаларды өз аумағында көрсетуді ынталандыратын болады, олардың Келісімге қатысушы-мемлекеттердің шекарасы арқылы еркін қозғалысы мен кеден төлемдерін ұстаудан босатылуын қамтамасыз етеді.

Тараптар осындай көрсетулерге қажетті әкімшілік формальділіктерді мейлінше жеңілдетуге және қысқартуға жәрдемдеседі.

Келісімге қатысушы-мемлекеттердің ұлттық фильмдерін прокаттауға және көпшілікке көрсетуге құқық беретін құжаттар Келісімге қатысушы басқа мемлекеттерде фильмдерді жүргізу және (немесе) оларға иелік ету құқықтарын бекіту есебінде танылады. Осы себепті Келісімге қатысушы-мемлекеттердің әрқайсысының тиісті мемлекеттік органдары өздерінің аумақтарында мемлекеттің салт-дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын және ұлттық ерекшеліктерін ескере отырып прокаттау тәртібі мен көрермендер аудиториясын шектеуді анықтауға құқылы.

4-бап

Тараптар ұлттық кинематографиялық ұйымдар арасында өндірістегі, фильмдерді прокаттау мен көрсетудегі, сондай-ақ өзара өндірістік және шығармашылық қызметтер көрсету саласындағы ынтымақтастықты қолдайтын болады.

Тараптар кинематография саласында шығармашылық ынтымақтастықтың әртүрлі үлгілерін ынталандыратын және дамытатын болады, қазіргі киноөнерін дамытуға көмектеседі, киномәдениетін жетілдіретін тәжірибелік жұмыстарды қолдайды,

ақпараттық алмасуларды, халықаралық фестивальдар мен конкурстарды өткізуді жүзеге асырады.

5-бап

Келісімге қатысушы-мемлекеттердің шекарасы арқылы қозғалысқа түскен кезде кино- және бейнефильмдерді өндіруді жүзеге асыруға қажетті тауарларға кедендік шекараны кесіп өту кезінде ұсынуы үшін кинематография басқармасының уәкілетті мемлекеттік органы берген олардың түпкілікті апарылатын жері нақтыланғанда ғана кедендік төлемдер салынбайды.

6-бап

Тараптар киноқұрылымы, соның ішінде кинематография қажеттіліктері үшін кәсіби кадрларды даярлау және қайта даярлау жүйесіндегі оқу орындарының оқушылары мен оқытушылары алмасуды жүзеге асырады.

7-бап

Тараптар кинематографиялық мұраны сақтаумен өзара пайдалану, ұлттық киномұрағаттар мен киномұражайларды қалыптастыру саласында бірлесіп іс атқаратын болады.

8-бап

Ынтымақтастықты тереңдету мен ұлттық кинематографияны дамыту мақсатында Тараптар халықаралық кинематографиялық ұйымдарды құруға және олардың қызметіне көмек көрсететін болады.

9-бап

Осы Келісімді іске асыру барысында өзара ынтымақтастық жобаларымен танысу мен дайындау, ұлттық кинематографиялық ұйымдардың бірлескен қызметіне көмектесу, басқа да мәселелерді талқылау үшін бірлескен комиссиялар мен жұмысшы топтары құрылуы мүмкін.

10-бап

Осы Келісім Тараптардың кинематография саласында екіжақты және көпжақты шарттар жасасу мүмкіндігін жоққа шығармайды.

Келісім осы Келісімнің қағидалары мен мақсаттарын бөлісетін басқа да мүдделі мемлекеттердің бірігуі үшін жағдай туғызатын болады.

11-бап

Осы Келісім үш жылға жасалады және егер Тараптардың біреуі оның күшінің кезекті мерзімі біткенге дейін алты ай қалғанда өзінің осы Келісімнен шығатындығы жөнінде депозитарийге хабарламаса, онда келесі үш жылға өздігінен ұзартылады.

12-бап

Осы Келісім қол қойылған күнінен бастап қолданылады және мемлекеттердің күшіне енуге қажетті мемлекетішілік рәсімдерінің орындалуы туралы үшінші ескертуді депозитарийге сақтауға берген күнінен бастап күшіне енеді.

Алматы қаласында 1995 жылғы 10 ақпанда орыс тілінде 1 дана түпнұсқада жасалды . Түпнұсқа дана Беларусь Республикасы Үкіметінің мұрағатында сақталады, ол расталған көшірмені Келісімге қол қойған мемлекетке жібереді.

*Әзірбайжан Республикасының
Үкіметі үшін*

*Армения Республикасының
Үкіметі үшін*

*Беларусь Республикасының
Үкіметі үшін*

*Грузия Республикасының
Үкіметі үшін*

*Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін*

*Қырғыз Республикасының
Үкіметі үшін*

Молдова Республикасының

Ресей Федерациясының

Тәжікстан Республикасының

Түркменстан Республикасының

Өзбекстан Республикасының

Украина Республикасының